

С.Оразалин атындағы ЖОББМ-тің 2021-2022 оқу жылыны «Айналайын» вокал-ән үйірмесінің жүргізген жұмыстарына талдама..

2021-2022 оқу жылының басында « Айналайын» вокал-ән үйірмесі жылдық жоспарын оқушылар деңгейіне байланыстыра отырып құрылды.1-6 сынып аралығындағы өнерге бейім дарынды балалардан іріктелініп алынған оқушылар болғандықтан жоспар жан-жақты қарастырылып отырылды.Халық әндері,қазақ композиторларының әндері және заманауи әндерден қамтылды.Жылдық сағат саны -102.

Үйірме мақсаты –әнді сауатты орындау, сахна мәдениетін меңгерту,өнерге қызығушылығын арттыру.Әр оқушының дауыс диапазонына байланысты әндерді беру арқылы жұмыс жасалынды.

Үйірме оқушылары мектепшілік іс-шараларға белсенді қатыстырылып отырылды.Қазан айында «Ұстаз деген жарқын күні ғаламның» тақырыбында ұстаздар күніне орай мерекелік құттықтау ,концерттік бағдарлама ұсындық.Сонымен қатар ұстаздарына арнаған ыстық ықыластарынөлең жолдарымен жеткізді.Қарттар күніне орай « Өз жүрегіңмен жылыту» атты ашық хат ұйымдастырылды. Желтоқсан айында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай « Тәуелсіздік- болашағым» тақырыбында есеп беру концертті болды.Мерекелік бағдарлама көрермендер қошеметіне бөленді.

Үйірме оқушылары мектепшілік шараларға ,аудандық ,облыстық байқауларға қатысты НәтижесіндеКелжанов Мирамбек Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырған аудандық «Әнім сенсің –туған ел» атты вокал байқауына қатысып жүлделі 2орын алды.Аудандық білім бөлімінің мақтау қағазы мен сыйлыққа ие болды.Аудандық Қадыр Мырза-Әли әндерін насихаттау барысында өткізілген ән байқауында Аманғалиқызы Сания қатысып жүлдеге ие болды .Сонымен қатар Болашаққа бағдар –рухани жаңғыру бағдарламасы аясында өткізілген « Талантты жастар» республикалық өнер –білім байқауына қатысып Қанибаева Ақсана Бас жүлде ,Адiлетқызы Ақмарал лауреат атанды .

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Ұлы Жеңістің 76 жыл толуына орай ұйымдастырылған « Егемендік әуені» аудандық онлайн шығармашылық байқауына қатысып Мешітбаев Назар 2дәрежелі дипломмен марапатталды,Келжанов Мирамбекте 2 дәрежелі дипломмен марапатталды.

Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған « Абай салған дара жол» халықаралық өнер –білім байқауына қатысып Жәнібек Ханзада 1дәрежелі диплом алды.

Ән арқылы әдемілікке баулып ,эстетикалық талғамдарын қалыптастырып,ұлттық мәдениетімізге құрметпен қарауға,үлкен сахналарға қадам жасауға барынша жұмыстанып келемін .

Үйірме жетекшісі Усманова.Ж